

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
6D010100 - Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелу; 6D010200 -  
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандықтары  
бойынша философии докторы (Ph.D) дәрежесін беру бойынша  
диссертациялық кеңесінің 2019 жылғы жұмысы туралы**

## **Е С Е П**

Диссертациялық кеңестің төрайымы Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының 15.05.2019 жылғы №04-02-02-02/42 бүйрығымен бекітілген педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ботагұл Алтаевна Тұрғынбаева

Диссертациялық кеңеске 6D010100 - Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелу; 6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандықтары бойынша диссертацияны қорғауға қабылдау рұқсат етілген.

### ***1. Откізілген отырыстардың саны туралы деректер***

Есеп беріліп отырған уақытта диссертациялық кеңестің бір отырысы болды. 6D010100 - Мектепке дейінгі білім және тәрбие мамандығы бойынша Галия Абілбакиеваның «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі үйим педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы қоргалды. Корғауға Диссертациялық кеңестің 11 мүшесі толық қатысты. Диссертациялық кеңес жұмысына Ресейден Оңтүстік -Оралмемлекеттік гуманитарлық педагогикалық университетінің профессоры *Ирина Евгеньевна Емельянованың* келді, ал Түркия мемлекеті Гази университетінің профессоры *Южель Гелиши* онлайн режимінде қатысты, сонымен қатар докторанттың шет елдік кеңесшісі Борис Гриченко атындағы Киев университетінің профессоры *Анна Владимировна Беленъкаяның* қатысуы қамтамасыз етілді.

### ***2. Оқу орны қорсетілген докторанттың тізімі***

1. Галия Тұрысбековна Абілбакиева - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6D010100 - Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелу мамандығының бітірушісі.

3. Есепті жыл ішінде Кеңес қараган диссертацияларды қысқаша талдау:  
*Диссертация тақырыбы: «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі үйим педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру»*

*Ғылыми кеңесшілері:*

1. Манкеш Ақсөule Ерженбайқызы - педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы қ. Қазақстан.

2. Кенесбаев Серік Мұхтарұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор «Өрлеу» БАУО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша

педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры Алматы қ. Қазақстан.

**3. Беленъкая Анна Владимировна** - педагогика ғылымдарының докторы, Борис Гриченко атындағы Киев университетінің профессоры, Киев қ., Украина.

**Көргау откен мерзімі: 04.12.2019**

Диссертациялық жұмыс «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының Зтармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттарына сай, жаңартылған білім мамұныны жағдайында болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтарын даярлау мәселесіне арналған. Осыған сәйкес білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сынни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуғе даяр мамандардың қажеттілігіне басты назар аудара отырып, балабақша тәрбиешілерінің біліктілік арттыру мақсатында оқыту әдістерінің тиімді жолдары ұсынылған.

Еліміздің жоғары оку орындарын модернизациялау үдерісі болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан құзыреттілік тұғыр болашақ педагогтардың белсенді кәсіби және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруды, олардың тұлғалық және маман ретіндегі дамуын қамтамасыз етеді. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері құрамындағы олардың білім беруді жоспарлай алу, тиімді үйымдастыра білу, өз бетінше шешімдер қабылданап, нақты уақытта, болжанған нәтижеге қол жеткізіп, талданап, өзіндік баға бере білуінен тұратын басқарушылық құзыреттіліктерді қалыптастыру - заманауи жоғары педагогикалық білімнің әлеуметтік сұраныстарға бағытталуын жүзеге асырады.

Сонымен қатар, елімізде қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің ішінде - орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру ерекше атальып, білім беруді ақпараттандыру мәселесіне болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жаңашылдық бастамасы ретінде басымдылық беріліп отыр. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің кәсіби қажетті басқарушылық құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану диссертациялық зерттеудің өзектілігін арттырып отыр.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы атальған мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыста жүргізілгендейі оның ғылыми құндылығын айқындайды.

Алынған нәтижелердің теориялық құндылығы философия, психология, педагогика ғылымдарындағы зерттеу мәселесіне қатысты түйінді ойлар, басқару теориясы, басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, мектепке дейінгі үйым педагогтерін даярлаудың оқыту-тәрбиелеу үдеріс теорияларын зерделеу негізінде «басқарушылық құзыреттілік», ұғымының мәні байытылып, «болашақ мектепке дейінгі үйым

педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігі» үғымының мәні мен мазмұны нақтыланып, анықтамасы берілген.

Осы жұмыс аясында алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі үйім педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған. Диссертацияда көлтірілген тұжырымдар, ереже, қағидалар теориялық анықтамалардың өзара логикалық байланысы мен диссертация құрылымының біркелкі ой-тұжырымға негізделінген. Зерттеудің логикалық байланысы мақсат, міндет, әдіс тағы басқа да ғылыми аппаратта көрсетілген компоненттердің өзара байланысымен дәлелденген. Зерттеу жұмысының тараулары мен тараушалары ортақ мақсат пен міндеттерден туындал, диссертацияның біртұтас мазмұны мен бірлігін қамтамасыз еткен.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:** Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелу мамандығы бойынша базалық міндетті пәндердің мазмұны болашақ мектепке дейінгі үйім педагогтерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тақырыптар көлемімен байытылған. «Педагог-басқарушы» үйірмесінің бағдарламасы даярланып, оку – тәрбие үдерісіне енгізілген. «Болашақ мектепке дейінгі үйім педагогтерінің ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» атты әлективті курс өзірленіп, болашақта оку үдерісіне енгізуге ұсыныс жасалған.

Болашақ мектепке дейінгі үйім педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігінің жан-жақты дамуына тиімді ықпал ететін «Балабақша» ақпараттық білім беру порталы іске қосылған.

Сонымен қатар диссертация бойынша 15 ғылыми еңбегі жарық көрген:

Олардың ішінде: ҚР БжFM Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3; Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда – 1 (процентиль 0,25); алғы шет ел ғылыми журнал басылымдарында - 3; халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдарында – 8 мақала.

Зерттеу жұмысы аясында өзірленген ғылыми тұжырымдамалар мен әдістемелерді ЖКО болашақ мамандарды даярлау барысында болашақ МДҮ педагогтерінің біліктілігін жетілдіру үдерісінде және МДҮ педагогтерінің істәжіриесінде пайдалануға болады.

#### **4. Рецензенттердің жұмысын талдау (ең сапасыз пікірлердің мысалдары)**

Қорғалған диссертациялық жұмысқа рецензенттер ретіндеелімізге белгілі, педагогикағылымына үлес қосқан ғалымдар бекітіліп, диссертациялық жұмысқа білікті талдау жасалынды. Оларды тағайындау Ереже талаптарына сай жүргізілді.

*Диссертацияның рецензенттері бойынша мәліметтер:*

**1.Абишев Нұрлан Ақашевич** - педагогика ғылымдарының докторы, Талдықорған қаласында орналасқан I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры.

**2.Мухамбетжанова Сәуле Талапеденовна** - педагогика ғылымдарының докторы, доцент Алматы қаласында орналасқан «Өрлеу БАУО» АҚФ ҚР Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми – педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыратын республикалық институттың «Менеджмент және ақпараттық технологиялар кафедрасының меншерушісі.

*5.Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар*

1. 2019 жылы білімдері докторантурасы мамандығына мүлдем сәйкес келмейтін шет ел тілі оқытушылары қабылданған. Олардың 3 жыл ішінде сол мамандықты толық игеріп, болашақта сол салада еңбек етіп, оның ғылымын дамытуға үлес қосатындығы үлкен күмән туғызады. Бұл- ғылыми кадрларды даярлауға бөлінген қаржының ақталмауына соқтыратын үлкен олқылық. Осы мәселеге қатысты мемлекеттік деңгейде оң шешімнің қабылдануын ойластыру.

2. Диссертациялық кеңес отырыстарын: жұмысты кеңес мүшелері тегіс оқып (бірнеше мамандыққа құрылған кеңестерде қорғалып жатқан мамандық бойынша ДК мүшелері), толық жазбаша пікір беру, көпшілік дауыс бойынша шешім қабылдау форматына ауыстыруды қарастыру.

*6.Философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қаралған диссертациялар туралы мәліметтер)*

Мамандықтар:		6D010100 - Мектепке дейінгі білім беру және тәрbiелеу	6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
1	Караудан шығарылған диссертациялар	-	-
2	Оның ішінде Диссертациялық кеңеспен шығарылған	-	-
3	Рецензенттерден теріс пікірлері алынған диссертациялар	-	-
4	Қорғау корытындысы бойынша оң шешімі бар	1	-
5	Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
6	Қорғау корытындысы бойынша теріс	-	-

	шешімімен		
7	Оның ішінде басқа оку орындарынан	-	-
8	Көргалған диссертациялардың жалпы саны	1	-
9	Оның ішінде басқа оку орындарынн	-	-

Диссертациялық жаңис  
тәрдаймы

Диссертациялық жаңис  
Галым хатыны



РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛМІННІН БАСТЫРЫ
ЗАВЕРЬЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОДЫ КазҰПУ имени Абая
КОПЫ ПОДПИСЬ	<b>Б.А. Тұрғынбаева</b>

РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛМІННІН БАСТЫРЫ
ЗАВЕРЬЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОДЫ КазҰПУ имени Абая
КОПЫ ПОДПИСЬ	<b>А.А. Элімбеков</b>